

Оңтүстік Қазақстан облыстық арнайы кітапханасында

«Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» ҚР Президенті Н.Назарбаевтың

Қазақстан халқына жолдауы талқыланды

Откен жері:

Оқу залы
қызметкерлер саны -42

Откен күні: 27.11.2014.

Қатысқан

Кітапхана директоры Б.Нұрманбетов, биылғы Жолдаудың болашаққа бастайтын ұлы жол екенін айта келе, оның жүзеге асуына жұмыла кірісу қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар, жол, баспана мәселесінің шешімі табылатынын ерекше атап өтті. Жолдауда айтылған тұрақтылық пен келісім мәселесіне тоқталды. Елбасының жол салуға аса көңіл болуі қуантарлық жағдай екенін айтты. Кітапханадағы зағип қызметкерлерге түсінікті болу үшін,

анашы Д.Жүргенбаева,

жолдаудың негіздеріне тоқталып өтті. Ұжым тынлап болғаннан кейін өз пікірлерімен болісті.

Бөлім меңгерушісі С.Катишев:

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жана Жолдауы – тәуелсіз еліміздің тұрақтылығын қамтитын, Қазақ елінің болашағына нақты бағыт беріп, жол көрсететін тарихи құжат деп есептеймін. Жолдау – халық пен билікті бір мақсат, бір мүддеге жұмылдыра отырып, бүкіл елдің ынтымағы мен жасампаздығын ұйыстырады. Бұл мақсатқа ел мен елді байланыс-тыратын, онірлер арасындағы күре тамыр саналатын жолдар торабын ретке келтіру арқылы қол жеткізуді ұсынды. Сонда гана оніраралық бизнес әріптестікке көнінен жол ашылады. Мұның барлығы бизнестің көптеген өзекті мәселелерін шешуге көмектеседі деді.

Директор орынбасары Л.Темірбаева:

Коммуналдық шаруашылық саласы да жанданатын болды. Биылғы жылы «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын дамыту 2020» бағдарламасының шеңберінде республикалық бюджеттен 34 қоп қабатты тұрғын үйді күрделі жөндеуге 211,0 млн. теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылыпты. Жолдау – мемлекеттік мекеме-лер үшін міндетті түрде орындалуға тиіс саяси құжат. Шымкент қаласының әкімдігі осы орайда жүктелген міндеттерді орындау үшін қажет шараларды қабылдап, тиісті жұмысты атқаратын болады. Шымкенттіктер ынтымақ пен бірліктің арқасында Жолдау аясындағы тиісті жұмыстарды зор қарқынмен жүргізеді деген сенімдемін.

Бөлім меңгерушісі Н.Түяқбаева:

Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында: «Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар, темір жолмен, тас жолмен, әуе жолымен, өзара тығыз байланысуы керек» деп атап өтті. Бұл орайда біз облыс аумағынан өтетін «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автожолының дәлізінің жарқын болашағын айта аламыз. Гасыр жобасы аталған бұл транзиттік магистральдің 448 шақырымнан астамы біздің өңір аумағынан өтеді. Облысымыздағы бұл күре жолдың бойында бірқатар жұмыс орындары ашылып, кәсіпкерлік нысандары пайда болатыны сөзсіз. Өңірімізде «Шымкент-Ташкент» учаскесінің құрылысы да басталғандығына хабардармыз. Аталған құрылысты 2015 жылдың соңында аяқталуы керек екен. Бөлім меңгерушісі Г.Ескендірова өз сөзінде: Жолдауда айтылған өзекті мәселенің бірі – әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту екендігін ерекше атап өтті. Облыс әкімінің мәлімдеуінше, биылғы қарашаның басына дейін облысымызда «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасымен нақты 42 мың адам қамтылған. Бұл орайда келесі жылы 46 мың адам аталған бағдарламаға қатысады деп күтілуде.

Бөлім меңгерушісі Ү.Тұранбаева:

Елбасының патриоттық тәрбиеге үлкен мән бергендігі қуантады. Отанды сүйу - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тонықок абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты қона тарихтан бастау алатынын көрсетеді. 2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Казак хандығының 550 жылдығын, Казакстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жәністің 70 жылдығын атап өтеміз. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы өн басты назарда. 2015 жыл Казакстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды. Ел бірлігі - біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың казакстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын және халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етеміз деген Елбасының сөздеріне тоқтала келіп, біздің міндетіміз осы айтылған бүкіл саясатты оқырмандарға дұрыс насихаттай отырып, қоп жұмыстар атқаруымыз керек деп тұжырымдады.

Кітапхана директоры Б.Нұрманбетов

Елбасының сөзімен пікірлесу кешін аяқтады: Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын! Баршанызға «Нұрлы Жол» Жолдауын жүзеге асыруда табыс тілеймін!

Авторлар: specbib
02.12.2014 11:00 -

